

**КОПИЯ**

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі  
 Алматы қалалық Әділет департаменті  
 Құрылтай құжаттары енгізілген өзгертулер мен  
 толықтырулар енгізілген заңды  
 № 4522 БҰҒАРҒЫ  
 2007 ж. 25 . 07  
 МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
 ИСПОЛНЕНИЕ ДОКУМЕНТА ДОПОЛНИТЕЛЬНО  
 С ИЗМЕНЕНИЯМИ И ДОПОЛНЕНИЯМИ  
 ПРИКАЗ № 4522  
 2007 . 25 . 07

**БЕКІТІЛГЕН**

«Казкоммерцбанк» АҚ Директорлар Кеңесімен  
 2007 жылдың «15» ақпанындағы № 2 хаттама  
 (Жалғыз Акционердің шешімі)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
 АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
 ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР  
 МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛГЕН  
 № 4522 БҰҒАРҒЫ  
 2007 ж. 25 . 07  
 МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
 ИСПОЛНЕНИЕ ДОКУМЕНТА ДОПОЛНИТЕЛЬНО  
 С ИЗМЕНЕНИЯМИ И ДОПОЛНЕНИЯМИ  
 ПРИКАЗ № 4522  
 2007 . 25 . 07

2  
 Қазақстан Республикасы  
 Әділет Министрлігі Алматы қаласы  
 Әділет Департаменті  
 ЗАҢДЫ ТҮЛГАНҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ  
 2007 ж. «01» 10 жүргізілді.  
 БСН 9910400000010  
 АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ  
 2007 ж. «01» 10 жүргізілді.

**«Казкоммерц Секьюритиз»**

**Акционерлік қоғамының**

**ЖАРҒЫСЫ**

**(«Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
 АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
 ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР  
 МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛГЕН ЗАҢДЫ  
 № 1242 БҰҒАРҒЫ  
 2007 ж. 25 . 07  
 МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
 ИСПОЛНЕНИЕ ДОКУМЕНТА ДОПОЛНИТЕЛЬНО  
 С ИЗМЕНЕНИЯМИ И ДОПОЛНЕНИЯМИ  
 ПРИКАЗ № 1242  
 2007 . 25 . 07

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
 АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
 ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР  
 МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛГЕН ЗАҢДЫ  
 № 1242 БҰҒАРҒЫ  
 2007 ж. 25 . 07  
 МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
 ИСПОЛНЕНИЕ ДОКУМЕНТА ДОПОЛНИТЕЛЬНО  
 С ИЗМЕНЕНИЯМИ И ДОПОЛНЕНИЯМИ  
 ПРИКАЗ № 1242  
 2007 . 25 . 07

Қазақстан Республикасы

2007 жыл

**2-жағын  
қара**

«Казкоммерц Секьюритиз» акционерлік қоғамының (әрі қарай – Қоғам) осы Жарғысын Қоғамның Жарғысын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестендіру мақсатында Қоғамның жалғыз Акционері бекітеді.

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Қоғам заңды тұлға болып табылады және өзінің қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және осы Жарғының, Қоғамның жалғыз Акционерінің және Қоғамның басқа да органдарының өз күзіретінің шеңберінде белгіленген тәртіпте қабылдаған шешімдерінің негізінде іске асырады.
- 1.2. Қоғамның қазақ тіліндегі толық атауы:  
«Казкоммерц Секьюритиз» акционерлік қоғамы («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы);  
Қоғамның қазақ тіліндегі қысқаша атауы:  
«Казкоммерц Секьюритиз» АҚ;  
Қоғамның орыс тіліндегі толық атауы:  
Акционерное общество «Казкоммерц Секьюритиз» (дочерняя организация АО «Казкоммерцбанк»);  
Қоғамның орыс тіліндегі қысқаша атауы:  
АО «Казкоммерц Секьюритиз»;  
Қоғамның ағылшын тіліндегі толық атауы:  
Joint stock company «Kazkommerts Securities» (associated company of JSC «Kazkommertsbank»);  
Қоғамның ағылшын тіліндегі қысқаша атауы:  
JSC «Kazkommerts Securities».
- 1.3. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қ., Бостандық ауданы, Гагарин даңғылы, 135Ж.

## 2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

- 2.1. Қоғам заңды тұлға, коммерциялық ұйым болып табылады, меншігінде окшауланған мүлкі бар және осы мүлікпен өзінің міндеттемелері бойынша жауап береді, өзінің атынан мүлдіктік және жеке мүлдіктік емес құқықтар алады және іске асырады, міндеттер атқарады, сотта талапкер және жауапкер болады.
- 2.2. Қоғамның қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестіктің негізінде іске асырылады.
- 2.3. Қоғамның дербес балансы, банктерде шоттары, соның ішінде валюталық шоттары бар, өзінің атауы көрсетілген мөрі бар.
- 2.4. Қоғам өзінің үлгілері белгіленген тәртіпте бекітілетін және тіркелетін тауарлық белгісіне және символикасына ие бола алады.
- 2.5. Қоғам заңды тұлғаның құқықтарын өзі мемлекеттік тіркелген мезеттен бастап алады.
- 2.6. Қоғамның қызмет мерзімі шектелмеген.

## 3. ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МӘНІ

- 3.1. Қоғамды құрудың және қызметінің негізгі мақсаты жалғыз Акционердің мүдделері үшін таза табыс алу болып табылады.

- 3.2. Қоғамның қызметінің негізгі мәні келесілер болып табылады:
- 1) клиенттердің шоттарын номиналды ұстаушы ретінде жүргізу құқығымен брокерлік-дилерлік қызмет;
  - 2) инвестициялық қоржынды басқару бойынша қызмет;
  - 3) құнды қағаздар нарығындағы кәсіби қызметтің Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша брокерлік-дилерлік қызметпен үйлесетін басқа да түрлері;
  - 4) инвесторларға инвестициялық-кеңес беру қызметтерін көрсету;
  - 5) Қазақстан Республикасы заңнамасының заңнамасы тыйым салмаған өзге де қызмет түрлері.

3.3. Іске асыру үшін уәкілетті органдардан лицензия алу таап етілетін қызметті Қоғам тек осындай лицензия алғаннан кейін ғана іске асырады.

#### **4. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

- 4.1. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы қарастырған барлық құқықтар мен міндеттерді атқарады.
- 4.2. Қоғам жалғыз Акционердің мүлкінен окшауланған мүлікке ие болады және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өзінің міндеттемелері бойынша оған тиесілі бар мүлікпен жауап береді.
- 4.3. Қоғам өзінің атынан мәліелерге (шарттарға, келісім-шарттарға) отыра алады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар алып, міндеттер атқара алады, сотта талапкер не жауапкер ретінде әрекет ете алады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді іске асыра алады.
- 4.4. Қоғамның Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде барлық меншік түріндегі басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге кіруге, Қазақстан Республикасының заңнамасы анықтайтын негіздерде Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде басқа заңды тұлғалардың құрылтайшысы ретінде әрекет етуге, қатысушы болуға құқығы бар.
- 4.5. Қоғамның шетелде шаруашылық қызмет жүргізуге, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында және шетел мемлекеттерінде шетелдік заңды және жеке тұлғалардың қатысуымен бірлескен кәсіпорындарды, халықаралық бірлестіктерді және ұйымдарды құруға және қызметіне қатысуға құқығы бар.
- 4.6. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы қарастырған тәртіпте құнды қағаздар шығару алады және оларды тарата алады.
- 4.7. Қоғам Қазақстан Республикасында және шетелде өзінің филиалдары мен өкілдіктерін құрып, оларға өзінің мүлкінің есебінен негізгі құралдар мен айналым қаражаттарын бөліп бере алады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес олардың қызметінің тәртібін анықтай алады.
- 4.8. Сонымен қатар Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен осы Жарғы қарастырған басқа да құқықтарды іске асыра алады.
- 4.9. Қоғамның анықтауы Қазақстан Республикасының 31.08.1995 жылғы № 2444 «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк қызметі туралы» Заңында қарастырылған еншілес ұйымдар құруға не ие болуға құқығы жоқ.

## **5. ҚОҒАМНЫҢ МҮЛКІ**

- 5.1. Қоғамның мүлкі Қоғамның қызметін қамтамасыз етуге, соның ішінде Қоғамның осындай қызметтің нәтижесінде пайда болатын міндеттемелерін қамтамасыз етуге арналған.
- 5.2. Қоғамның мүлкі келесі көздерден құралады:
- 1) акцияларды төлеу;
  - 2) қызметтен алынған табыс;
  - 3) Қазақстан Республикасының заң актілері тыйым салмаған өзге де көздер.

## **6. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИОНЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

- 6.1. Қоғамның Акционерінің келесілерге құқығы бар:
- 1) осы Жарғы және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы қарастырған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;
  - 2) дивидендтер алуға;
  - 3) Қоғамның Акционерінің шешімімен және/не осы Жарғы анықтаған тәртіпте Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Қоғамның қаржылық қызметімен танысуға;
  - 4) тіркеушіден не номиналды ұстаушыдан Акционердің құнды қағаздарға деген меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
  - 5) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдермен сот тәртібінде дауласуға;
  - 6) Қоғамның оның қызметі туралы жазбаша сұраулар салуға және сұрау Қоғамға түскен күннен бастап отыз күннің ішінде дәлелді жауаптар алуға,
  - 7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы белгілеген тәртіпте Қоғамның акцияларын не оның акцияларына айырбасталатын басқа да құнды қағаздарын артықшылықты сатып алуға;
  - 8) Қоғам таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігіне;
  - 9) Қоғамның акциялары беретін барлық құқықтарды не олардың бір бөлігін сенімхаттың негізінде өкілге (өкілдерге) берге;
  - 10) өзінің есебіне аудиторлық ұйымның Қоғамға аудит жүргізуін талап етуге.
- 6.2. Қоғамның Акционері келесілерге міндетті:
- 1) акцияларға ақы төлеуге;
  - 2) он күннің ішінде тіркеуші мен Акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысына Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;
  - 3) қызмет, коммерциялық не заң қорғайтын өзге де құпияны құрайтын Қоғам не оның қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге;
  - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді атқаруға.

## **7. ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ**

- 7.1. Қоғамның жарияланған акцияларының саны және түрлері туралы мәліметтер Қоғамның акцияларын шығарудың проспектісінде көрсетіледі. Қоғамның Жарғылық капиталы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Акционердің және/не инвесторлардың акцияларға ақы төлеуі арқылы қалыптасады.
- 7.2. Қоғамның Жарғылық капиталы акцияларды сатудың есебінен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен төленеді.

- 7.3. Қоғамның Жарғылық капиталын ұлғайту Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүргізіледі.

## 8. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРЫ

- 8.1. Қоғам акцияларды, облигацияларды, айырбасталатын және басқа да құнды қағаздарды, соның ішінде туынды құнды қағаздарды шығаруды іске асыруға құқылы.
- 8.2. Қоғам қарапайым акцияларды әлде қарапайым және артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз түрде шығаралады.
- 8.3. Қоғамның құнды қағаздарын кепілге беру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іске асырылады.
- 8.4. Құжатсыз құнды қағазға деген құқықтарды растауды құнды қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесінен үзінді көшірме не номиналды ұстаушының шотынан үзінді көшірме беру арқылы тіркеуші не номиналды ұстаушы іске асырады.

## 9. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕМЕСІ ЖӘНЕ АУДИТІ

- 9.1. Қоғамның қаржылық есептемесі Қоғамның бухгалтерлік балансын, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақшаның қозғалысы туралы есепті және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы заңнамасына сәйкес өзге де есеп беруді қамтиды. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есебін жүргізудің және қаржылық есептемесін жасаудың тәртібін Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы заңнамасы және бухгалтерлік есептің стандарттары белгілейді.
- 9.2. Басқарма Қоғамның Акционеріне жыл сайын Қоғамның өткен жылдың аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген жылдық қаржылық есептемесін бекітуге береді. Қаржылық есептемеден басқа, Басқарма Қоғамның Акционеріне аудиторлық есепті береді.
- 9.3. Қоғамның жылдық қаржылық есептемесін Қоғамның Директорлар кеңесі оны Қоғамның жалғыз Акционері түбегейлі бекітетін күнге дейін, кем дегенде, отыз күн бұрын алдын ала бекітуі керек.
- 9.4. Қоғам жыл сайын, уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде, бұқара ақпарат құралдарында жылдық бухгалтерлік балансты, капиталдағы барлық өзгерістерді көрсететін есепті, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті және табыстар мен шығындар туралы есепті жариялайды.
- 9.5. Қоғам жылдық қаржылық есептемеге аудит жүргізуге міндетті.

## 10. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

- 10.1. Қоғамның органдары келесілер болып табылады:  
Жоғарғы орган – Қоғамның жалғыз Акционері;  
Басқару органы - Директорлар кеңесі,  
Атқарушы (алқалық) орган - Басқарма.

## 11. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИОНЕРІ

- 11.1. Қоғамның жоғарғы органы жалғыз Акционер болып табылады.
- 11.2. Акционер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен осы Жарғы оның құзіретіне жатқызған сұрақтар бойынша шешімдерді жеке өзі қабылдайды.
- 11.3. Қоғамның жалғыз Акционерінің ерекше құзіретіне келесі сұрақтар жатады:
- 1) Қоғамның Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу не оны жаңа басылымда бекіту;
  - 2) Қоғамның корпорациялық басқару кодексінің, сондай-ақ оған жасалатын өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
  - 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру не тарату;
  - 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту не қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
  - 5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, уәкілеттер мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың уәкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің көлемі мен шарттарын анықтау;
  - 6) Қоғамның аудитін іске асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
  - 7) жылдық қаржылық есептемені бекіту;
  - 8) Қоғамның есепті қаржылық жылдағы таза табысын бөлістірудің тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жылдық қорытындылары бойынша Қоғамның бір қарапайым акциясына есептегендегі дивидендтің көлемін бекіту;
  - 9) Қазақстан Республикасының заңнамасы қарастырған жағдайлар орын алған кезде, Қоғамның қарапайым және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
  - 10) Қоғамның сомасы Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да артық пайызын құрайтын активтердің бір не бірнеше бөліктерін беру арқылы өзге заңды тұлғаларды құруға не қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
  - 11) Қазақстан Республикасының құнды қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес Қоғам акцияларды өтеп алған кезде олардың құнын анықтаудың әдістемесін бекіту;
  - 12) жалғыз Акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат берудің тәртібін анықтау, соның ішінде бұқара ақпарат құралын анықтау;
  - 13) «алтын» акцияны енгізу және жою;
  - 14) шешімдерін қабылдауды Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғы жалғыз Акционердің ерекше құзіретіне жатқызған өзге де сұрақтар.
- 11.4. Қоғамның Акционері Қоғамның өзге органдарының Қоғамның ішкі қызметіне қатысты сұрақтар бойынша кез-келген шешімін жоюға құқылы.

## 12. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- 12.1. Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғы Қоғамның жалғыз Акционерінің ерекше құзіретіне жатқызған сұрақтарды шешуді қоспағанда, Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылық жасауды іске асырады.
- 12.2. Қоғамның Директорлар кеңесінің ерекше құзіретіне келесі сұрақтар жатады:
- 1) Қоғамның қызметінің артықшылықты бағыттарын анықтау;

- 2) жарияланған акциялардың санының шеңберінде акцияларды орналастыру (сату) туралы, соның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны туралы, оларды орналастырудың (сатудың) тәсілі және бағасы туралы шешім қабылдау;
  - 3) Қоғамның орналастырылған акцияларды не басқа да құнды қағаздарды өтеп алуы және оларды өтеп алудың бағасы туралы шешім қабылдау;
  - 4) Қоғамның жылдық қаржылық есептемесін алдын ала бекіту;
  - 5) есепті қаржылық жылы төленетін дивидендтерді қоспағанда, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және бір қарапайым акцияға төленетін дивидендтің көлемін анықтау;
  - 6) Қоғамның облигациялары мен туынды құнды қағаздарын шығарудың шарттарын анықтау;
  - 7) бағалаушы мен аудиторлық ұйымның қызметіне төленетін ақының көлмін анықтау;
  - 8) Қоғамның резервтік капиталын пайдаланудың тәртібін анықтау;
  - 9) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін басқару мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда) бекіту;
  - 10) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
  - 11) Қоғамның басқа ұйымдарды құруға және қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
  - 12) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталының он және одан да артық пайызын құратын мөлшерге ұлғайту;
  - 13) бұрынғы тіркеушімен шартты бұзған жағдайда, Қоғамның тіркеушісін таңдау;
  - 14) қызмет, коммерциялық және заң қорғайтын өзге де құпияны құрайтын қоғам не оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
  - 15) ірі мәмілелерге және жасауға Қоғам мүдделі болатын мәмілелерге отыру туралы шешімдер қабылдау;
  - 16) Басқарманың осы Жарғының 13.3. тармағында тізілген сұрақтар бойынша шешімдерін алдын ала мақұлдау;
  - 17) Басқарманың сандық құрамын, уәкілеттер мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың уәкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату;
  - 18) лауазымдық айлықтардың көлемдерін және еңбекке ақы төлеудің және Басқарманың басшысы мен мүшелеріне сыйақы берудің шарттарын анықтау;
  - 19) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғы қарастырған, жалғыз Акционердің ерекше құзіретіне жатпайтын өзге де сұрақтар.
- 12.3. Қоғамның Директорлар кеңесінің ерекше құзіретіне жатқызылған сұрақтар Қоғамның Басқармасының шешіміне беріле алмайды.
  - 12.4. Директорлар кеңесінің мүшелерін Қоғамның жалғыз Акционері 3 (үш) адамнан кем емес және 5 (бес) адамнан артық емес санмен сайлайды және Директорлар кеңесінің бұрын сайланған мүшелерінің уәкілеттері осы Жарғы және Қазақстан Республикасының заңнамасы қарастырған тәртіпте мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Қоғамның Акционері қайта сайлайды.
  - 12.5. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шектелмеген мерте рет қайта сайлана алады.
  - 12.6. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелерінің қатарынан Директорлар кеңесінің мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы сайланады. Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасын кез-келген уақытта қайта сайлай алады.

12.7. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы жоқ болған жағдайда, оның қызметтерін Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінің Қоғамның Директорлар кеңесінің мәжіліске қатысып отырған мүшелерінің көпшілік дауыспен сайланатын бірі іске асырады.

12.8. Директорлар кеңесінің мәжілісінің өткізілетіні туралы жазбаша хабарландыру мәжілістің күн тәртібінің сұрақтары бойынша материалдармен бірге Директорлар кеңесінің мүшелеріне мәжіліс өткізілетін күнге дейін, кем дегенде, үш күн бұрын жіберілуі керек.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мәжілісінің өткізілетіні туралы хабарландыруда мәжіліс өткізілетін күн, уақыт және жер туралы мәліметтер, сондай-ақ күн тәртібі болуы керек.

12.9. Қоғамның Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу үшін кворумды Директорлар кеңесінің мүшелерінің жалпы санының, кем дегенде, 2/3 бөлігі құрайды.

12.10. Қоғамның Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің мәжіліске қатысып отырған мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

### 13. БАСҚАРМА

13.1. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық жасауды Қоғамның атқарушы органы - Басқарма іске асырады, ол Қоғамның қызметінің Қоғамның басқа органдарының күшіретіне жатқызылмаған сұрақтары бойынша шешімдер қабылдайды.

13.2. Басқарма Қоғамның жалғыз Акционерінің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

13.3. Қоғамның Басқармасының сандық құрамын Қоғамның Директорлар кеңесі анықтайды.

Қоғамның Басқармасына Қоғамның Басқармасының Қоғамның Директорлар кеңесі сайлайтын (тағайындайтын) Төрағасы басшылық жасайды.

13.4. Қоғам Басқармасының мүшесінің қызметтерін, құқықтары мен міндеттерін Қазақстан Республикасының заңнамасы, осы Жарғы, сондай-ақ Қоғамның Басқармасының мүшесімен жасайтын жеке еңбек шарты анықтайды.

Қоғамның Басқармасының Төрағасымен жеке еңбек шартына Қоғамның атынан Қоғамның Директорлар Кеңесінің Төрағасы не Қоғамның жалғыз Акционері не Директорлар кеңесі уәкілет берген тұлға қол қояды.

Қоғамның Басқармасының қалған мүшелерімен жеке еңбек шартына Қоғамның Басқармасының Төрағасы қол қояды.

13.5. Қоғамның Басқармасының басқа ұйымдарда лауазымдарда тұруына тек Қоғамның Директорлар кеңесінің келісімімен ғана рұқсат етіледі.

13.6. Қоғамның Басқармасының мәжілісі қажет болған шамада өткізіледі. Қоғамның Басқармасының мәжілістерін өткізуді Қоғамның Басқармасының Төрағасы ұйымдастырады.

13.7. Қоғамның Басқармасының мәжілісін өткізу үшін кворум Қоғам Басқармасының мүшелерінің, кем дегенде, жартысының қатысуы болып табылады.

13.8. Қоғамның Басқармасының мәжілісінде сұрақтарды шешкен кезде Қоғамның Басқармасының әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Қоғамның Басқармасының мәжілістерінде шешімдер Қоғамның Басқармасының қатысып отырған мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.



**13.9. Қоғамның Басқармасының Төрағасы:**

- (1) Қоғамның жалғыз Акционерінің және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- (2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- (3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғамның өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;
- (4) Қоғамның қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан шығаруды іске асырады (заңнама белгілеген жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жазалау салады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғамның қызметкерлерінің лауазымдық айлықтарының және айлықтарға берілетін жеке үстеме ақыларының көлемдерін белгілейді, Басқарманың құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғамның қызметкерлеріне сыйақы берудің көлемдерін анықтайды;
- (5) өзі жоқ болған жағдайда өзінің міндеттерін орындауды Қоғамның Басқармасының мүшелерінің біріне жүктейді;
- (6) Қоғамның Басқармасының мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ уәкілеттер мен жауапкершіліктің аяларын бөлістіреді;
- (7) Қазақстан Республикасының заңнамасы және/не осы Жарғы Қоғамның жалғыз Акционерінің және Қоғамның Директорлар Кеңесінің ерекше күзретіне жатқызған сұрақтарды қоспағанда, Қоғамның осы органдарының шешімдерімен анықталған өзге де қызметтерді іске асырады.

**13.10. Басқарма төменде тізілген сұрақтар бойынша шешімдерді тек оларды Қоғамның Директорлар Кеңесі алдын ала мақұлдағаннан кейін ғана қабылдауға құқылы:**

- (1) Қоғамның бюджеті бойынша шешімдер қабылдау,
- (2) Қоғамның штат кестесін, сондай-ақ еңбекақы қорын бекіту;
- (3) Қоғамның сомасы 100 000 000 (Бір жүз миллион) теңгеден не оның шетел валютасындағы баламасынан асатын кез-келген мәмілеге (өзара байланысты мәмілелердің жиынтығына) отыруы;
- (4) Қоғамның ұйымдық құрылымын бекіту;
- (5) Қоғамның құрылымдық бөлімшелеріне басшылық жасайтын және қаржылық операцияларды жасауға негіз болатын құжаттарға қол қоюға құқығы бар тұлғаларды, филиалдардың, өкілдіктердің директорларын, бас бухгалтерлерді тағайындау.

13.11. Қоғамның Басқармасының оның мәжілісінде қабылданған шешімдері хаттамамен рәсімделеді. Қоғамның Басқармасының мәжілістерінің хаттамаларын жүргізуді мәжілістің хатшысы іске асырады.

13.12. Қоғамның Басқармасының шешімімен келіспеген жағдайда, Қоғамның Басқармасының мүшесі хаттамаға ерекше пікірді енгізуді талап етуге құқылы, ал хатшы енгізуге міндетті болады.

13.13. Қоғамның Басқармасының мәжілісінің хаттамасы оған Қоғамның Басқармасының Төрағасы, ал ол жоқ болған жағдайда Қоғамның Басқармасының Төрағасының міндеттерін атқарушы тұлға және Қоғамның Басқармасының хатшысы қол қойған жағдайда жарамды болады.

13.14. Қоғамның Басқармасының Төрағасы және Қоғамның Басқармасының мүшелері өздерінің әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) Қоғамға келтірілген зиян үшін Қоғамның алдында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік көтереді.

#### **14. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИОНЕРІНІҢ, ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖӘНЕ БАСҚАРМАНЫҢ МҮШЕЛЕРІНІҢ АФФИЛЕНДІРІЛГЕН ТҮЛҒАЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР БЕРУІНІҢ ТӘРТІБІ**

14.1. Қоғамның Акционері, Директорлар кеңесінің және Басқарманың мүшелері келесілерге міндетті болады:

- 1) өзгері сәйкесінше мәртебе алған мезеттен бастап 7 күннің ішінде Қоғамның Басқармасының Төрағасына өзінің аффилендірілген тұлғалары туралы ақпарат беруге;
- 2) осындай ақпарат өзгерген/толықтырылған жағдайда, 7 күннен кеш емес мерзімде Қоғам Басқармасының Төрағасының мекен-жайына осындай өзгертулер/толықтырулар көрсетілген жазбаша хабарландыру жіберуге.

#### **15. АКЦИОНЕРГЕ ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУДІҢ ТӘРТІБІ**

15.1. Қоғам Қоғамның Акционеріне Қоғамның Акционердің мүдделеріне қатысы бар қызметі туралы ақпаратты хабарлауға міндетті.

15.2. Қоғамның Акционерінің мүдделеріне қатысы бар ақпарат деп келесілер танылады:

- 1) Акционер және Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;
- 2) Қоғамның акциялар және басқа да құнды қағаздар шығаруы және уәкілетті органның Қоғамның құнды қағаздарды орналастырудың қорытындылары туралы есептерді, Қоғамның құнды қағаздарын өтеуді қорытындылары туралы есетерді бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның құнды қағаздарды жоюы;
- 3) Қоғамның ірі мәмілелерді және жасауға Қоғам мүдделі болатын мәмілелерді жасауы;
- 4) Қоғамның Қоғамның меншікті капиталының көлемінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын көлемде қарыз алуы;
- 5) Қоғамның қандай да бір қызмет түрлерін іске асыруға лицензиялар алуы, Қоғам қандай да бір қызмет түрлерін іске асыруға бұрын алған лицензияларының әрекетінің кідірілуі не тоқтатылуы;
- 6) Қоғамның заңды тұлғаны құруға қатысуы;
- 7) Қоғамның мүлкіне тыйым салынуы;
- 8) нәтижесінде Қоғамның баланстық құны Қоғамның активтерінің жалпы көлемінің он және одан да көп пайызын құрайтын активтері жойылған төтенше сипаттағы жағдайларды орын алауы;
- 9) Қоғамның және лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапкершілікке тартылуы;
- 10) Қоғамды мәжбүрлі түрде қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;
- 11) осы Жарғыға сәйкес Акционердің мүдделеріне қатысы бар өзге де ақпарат.

15.3. Акционердің мүдделеріне қатысы бар Қоғамның қызметі туралы ақпаратты беру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес іске асырылады.

15.4. Қоғамның қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін Қоғам келесідей бұқара ақпарат құралдарын пайдаланады: «Егемен Қазақстан» газеті және (не) «Казakhstanская правда» газеті, сондай-ақ қосымша түрде Қоғам қалаған өзге де бұқара ақпарат құралдары.

## 16. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

- 16.1. Қоғамды тарату Қоғамның жалғыз Акционерінің не Қазақстан Республикасының заңнамасы қарастырған жағдайларда сот органдарының шешімі бойынша жүзіншеді. Қоғамды қайта ұйымдастыру біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару және қайта құру арқылы іске асырылады.
- 16.2. Қосу түріндегі қайта ұйымдастыруды қоспағанда, Қоғам жаңа пайда болған заңды тұлғалар тіркелген мезеттен бастап қайта ұйымдастырылған деп саналады.
- 16.3. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іске асырылады.

## 17. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 17.1. Егер осы Жарғының ережелерінің бірі жарамсыз болатын болса, онда бұл қалған ережелерге әсер етпейді. Жарамсыз ереже заң тұрғысынан рұқсат етілетін және сәйкесінше қарым-қатынасты реттейтін ережемен ауыстырылады.
- 17.2. Осы Жарғыға Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзгертулер мен толықтырулар Қоғамның жалғыз Акционерінің шешімі бойынша енгізіле алады.
- 17.3. Осы Жарғы реттемеген сұрақтар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешеледі.


## 18. КҮШІНЕ ЕНУІ

- 18.1 Осы Жарғы Қоғам мемлекеттік қайта тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

Жалғыз Акционердің атынан:

«Қазкоммерцбанку» АҚ

Басқармасының Төрағасы

  
Жусупова Н.А.

2-жағын  
қара

**УТВЕРЖДЕН**

Советом Директоров АО «Казкоммерцбанк»  
протокол № д от «15» февраля 2007 года  
(Решением единственного Акционера)

**УСТАВ**

**акционерного общества**

**“Казкоммерц Секьюритиз”**

**(дочерняя организация АО «Казкоммерцбанк»)**

Республика Казахстан

2007 год

Устав акционерного общества «Казкоммерц Секьюритиз» (далее - Общество) является единственным Акционером Общества в целях приведения Устава Общества в соответствие с действующему законодательству Республики Казахстан.

## **ОСНОВНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ**

Общество является юридическим лицом и осуществляет свою деятельность на основе действующего законодательства Республики Казахстан и настоящего Устава, решений единственного Акционера Общества и других органов Общества, принятых в пределах их компетенции в установленном порядке.

Полное наименование Общества на казахском языке:

«Казкоммерц Секьюритиз» акционерлік қоғамы («Казкоммерцбанку» АҚ еншілес ұйымы);

Сокращенное наименование Общества на казахском языке:

«Казкоммерц Секьюритиз» АҚ;

Полное наименование Общества на русском языке:

Акционерное общество «Казкоммерц Секьюритиз» (дочерняя организация АО «Казкоммерцбанку»);

Сокращенное наименование Общества на русском языке:

АО «Казкоммерц Секьюритиз»;

Полное наименование Общества на английском языке:

Joint stock company «Kazkommerts Securities» (associated company of «Kazkommertsbank»);

Сокращенное наименование Общества на английском языке:

JSC «Kazkommerts Securities».

13. Место нахождения исполнительного органа Общества: Республика Казахстан, 050060, г. Алматы, Бостандыкский район, пр. Гагарина, 135Ж.

## **2. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС ОБЩЕСТВА**

21. Общество является юридическим лицом, коммерческой организацией, имеет в собственности обособленное имущество и отвечает этим имуществом по своим обязательствам; может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

